

Табыл ҚҰЛЫЯС

ҚАНЖОСА ҒАСЫР

Табыл ҚҰЛЫАС

ҚАНЖОСА ҒАСЫР

**“Елорда”
Астана - 2004**

ББК 63.3 (5 Қаз)
Қ 74

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Қ 74 Құлыяс Т. Қанжоса ғасыр.
Астана: Елорда, 2004. — 336 бет.

ISBN 9965-06-374-5

Жазушы Табыс Құлыяс — “Кесілген бұрым”, “Сауда сақал сипағанша”, “Қоңыраулы күлкіграмма”, “Жалмауыз” және басқа сатиралық кітаптарымен қатар “Ши оқ”, “Қара терен” романдарының авторы.

Табыл Құлыястың жаңа кітабы өткен ғасырдағы қуғын-сүргін зобалаңына арналған.


Жазушы мұрағаттық құжаттар мен қатар өмірдеректер арқылы заман қайғысын нанымды суреттеуге ұмтылады.

Сталиндік зұлматтың мұң-шері ұмытылмақ емес. Ұлтымызды баудай түсіріп, қылыштай қиған екі бірдей аштық та сол тасқұдайға табыну зардабынан екені аян. Шығарманың басты кейіпкерлері қанқұйлы қайғылы оқиғаларды кейінгі ұрпаққа сабақ ретінде, аманат есебінде айтады. Бұл бүгінгі еркін елдік қасиетімізді бағалауға, ұлттық бірлікке дақ түсірмеуге меңзейді.

Қ 0503020905 - 308
450(05) - 01

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-06-374-5



© Құлыяс Т., 2004
© “Елорда”, 2004

АЛҒЫ СӨЗ

Қасіреті қалың өткен ғасырдың ұлттың тарихы қақында аз жазылып жүрген жоқ, әлі де жазыла бермек. Қазақ елі үлкен нәубетті бастан кешірді, терезесі теңселіп, шаңырағы шайқалды, мыңдаған отбасының ошақ оты сөнді. Зар нала болып төнген зауалдар елді іргесіне тақады, әр босағаға ажал төнді. Қанды қырғындардың бәрі де әдейі үстемдіктің әуірім күшімен жүзеге асқаны да белгілі. Сарғайған дала, құлазыған жер беті күңіренген мұң-шердің қалыңдығынан қайысты, елдің бәйтерегіндей даналары қайғымен майысты, ар намысы ажал боп шамшырағын сөндірді. Жазықсыз жапа шеккендердің өкініші қалың еді.

Тірілердің сыңсып жоқтаған көз жасы құт өңірді, жұт өңірге айналдырды. Әр таң қайғы әкелетіндей көлеңкесінен де үрейленген XX ғасыр жан шошытып, зәре құтты қашырды. Ағаларымыз бен апаларымыз, аталарымыз бен әжелеріміз есалаң тірлік кешті. Өйтпей, қайтеді. Халықтың көш басшысы, ақыл иесі, даналықтардың жиынтығы, алғыр ойлыларын сыпырып бір шыбықпен айдап түрмеге қамады. Атты, түрмеде шірітті, не түрлі азаппен өмір жастарын қысқартты. Сталиндік қанды террордың қалың оқиғасының деректері де, құжаттары да таусылмайды. Сондықтан жазушы Табыл Құлыястың “Қанжоса ғасыр” шығармасы әдеби тәсілдің жаңа қырымен көркем жазылып, бұрын-соңды оқушыларға белгісіз болған деректерді мәлім етуімен құнды.

Тіріні жеп тауысып, өліге де ауысқан заман қайғысын басынан кешірген, көзімен көрген, қанды қырғынды растайтын қариялар бүгінде азайып бара жатқаны белгілі. Соны ескерген жазушы қариялардың ой-санасымен, көз көріп, құлақ естігенмен көкірегіне түйгенін ағынан жарылып ақтарыла айтуымен баяндап оқушысына нанымды жеткізе білген. Мәселен, бір милиция елдің қарапайым шаруасына көл жағасында кездесіп:

— Су ішінде тұрған қамыс неге құрап қалған? — дейді. Ақылгөй қария:

— Жаңбыр жаумаса құрамай қайтеді, аңызак, аптап табиғатқа жайсыз, ақылсыз, әңгүдік насихат елге жайсыз, — дейді. Демек, саясат аптабы — елірме әңгүдіктер, халықты іргеге тақағанын айтады. Мұндай штрихтар шығармада жетерлік. Былайша айтқанда кітап саяси памфлетке құрылып жазылған.

Кітап “Қарғыс атқан”, “Топалаң”, “Тұлпардан қалған тұяқ бар”, “Қасиет” деп аталатын төрт бөлімнен тұрады. Негізгі кейіпкерлері — халықтың көш басшыларына арқа сүйеген елдің орта буын ойлылары, қарапайым адамдар, солардың сұрапыл жылдардағы зәбірі. Тұрмелер мен лагерьлерде аналарымен бірге азап тартқан бір-үш жас аралығындағы балалардың бүгінгі тірілерге айтатын аманаты. Мәселен, сондай иіккі жасында жетім қалған Айдарбек пен Абдолбақидан өрбіген жүзден астам немере, шөбере ұрпақтарының аталарын, әжселерін жоқтауы, ғасырға айтқан лағынеты бар.

Қазақ ұлты ақынжанды. Сталиндік қуғын-сүргінді бастан кешкендердің зары ұрпақ зердесі арқылы бүгінгілерге сақ бол деп үндегендей. Шығарманың тағы бір құндылығы осында жатыр.

Саяси басқыншылық жылдарының қан тамған деректері әлі толығымен ашылып болған жоқ. Ал, шығармада аз да болса Новосібір, Омбы архивтерінен іздеп, тапқан құнды деректері де бар. Ақмола облыстық прокуратура сақтаған қуғын-сүргін жылдарының құжаттары, әсіресе молынан қамтылған “Алжир” лагерінің деректерін көргенде Сталиндік террордың халықты қан қақсатқанын түсінесіз.

Қорыта айтқанда жазушы Табыл Құлыястың “Қанжоса ғасыр” шығармасы өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жандыруға аз да болса үлес қосатынын байқадық.

Әбіш КЕКІЛБАЙ,
Қазақстанның
халық жазушысы.

*Албастылар аумай адал кісіден,
Күле сөйлеп, күңіренер ішінен.
Бетсіздігін шайтан бетер жасырар,
Махшар таңда қара жүзі ашылар.*

Қожа Ахмет Иассауи

Бірінші бөлім

ҚАРҒЫС АТҚАН

*(трагедиялық киноповесть,
эссе, өмірдеректер)*



БАСТАУ (пролог)

Ала дауыл сары ала таңнан басталып, айналаға тым сүреңсіз, үрейлі, өкініш реңін танытқандай еді. Ондайда адам бойы да дел-сал, тіпті сіркесі су көтермейтіндей тынышы кетеді. Ақан ақ таң сызат бергенде ұйқысы қашып қара түнек әлемнің жарыққа бой ұсынуын күтіп жататын-ды. Көңіл-күйі бапсыз, көрер күні бейнет болса да, әрбір таңнан үміті көп, шүбәсі де жетерлік еді; жаратушы жақсылықты көруге еншің бар, қандай азаптан да құтылатын жолын бердік, ендігісі өзіңе байланысты дейтін тәрізді. Ақыл-қуат, күш-қайратын жақсылыққа арнап ілгері басайын деп үміттенсе көбіне өтірік алдынан шығады, шүбәсі артатыны Жанасайларды оның ішінде інісі де бар талай адамды қойша көгендеп, аяқ-қолын кісендеп айдап кеткеніне кінәлі ауылда жүрген жоқ па деу еді. Жау алыстан келмейді, сатқын орталарында деп жел ызындайды. Оған дегбірсізденіп абыржып қалады. Өзінің әншейінде ойын-шынды қып, байқаусызда аузынан шығатын: “Айналайын үкімет, бергеніңе шүкір ет, бар малыңды тартып ап, арт жағыңнан түкірет!” — деген сөзін Жанасайлар айтты деп пәлелеп жүргендер бар ма? Ол кім? Өшті, қастысы неліктен? Есет батырдан терең тамыр тартқан тұқым қарғыс емес, алғыс алуға ынтық еді. Түптің түбінде Есет рухы өз тұқымы ғана емес, атын атап, шын ниетпен сыйынушыларын жарылқары қақ. Е, оны бүгінгі шолақ ойлы, жырық етек белсендісімақтар көре де алмас. И-и, бес саусақ бірдей емес, ұялуды білмейтін, аруақтан қорықпайтын бетсіз шықты ма, тірлікке қанағатсыз қу мен сұм шықты ма? Оңбағырлар жамандық жарылқайды деп ұқты ма? Ондайлар еңсесі биікті еңсеріп, қапысын тауып бөксеріп тастауға бейім тұрады. Иектейтін жын-періге сеніп тұрады. “Алланың шайтанынан адамның шайтаны мықты” деген содан. Атақты Көтібарұлы Есет батыр да: “Көрінген жаудан, көзге түспейтін жаныңдағы дұшпан қауіпті” — демеді дейсің бе? “Ердің соңы — Есет, пірдің соңы — Бекет” деген сөз де тегін айтылмаған шығар.

Ақанның азаматтарынан айырылғасын жаны қыдырып, елегізіп, күдікті ойын шеше алмай, қаскөйліктің кімнен екенін сезсе де өз қолын өзі кесе алмай теңселетінін түсінетін қайсың бар? Елге бүйідей тиген бүлік есінен айырып тастады. Сөйтіп, ақын еріксіздік зарын өлеңмен өрнектеді.

Әуелі бұл тірлікті бастау қиын,
Дәмін татып, тойынып тастау қиын.
Өмірің құйын болып өтсе дағы,
Өлемін деп күйініп қақсау қиын.
Ақылдыға ақылын шашпау қиын,
Қатесіз аяқ, жолын баспау қиын.
Үстемдіктің алдында үстем болып,
Адал сөзді ақтарып саспау қиын.
Ұр да жықты сендіріп жасқау қиын,
Ойсыздықпен қатардан асқан қиын.
Жер кіндігін өзіне балап алып,
Ақ шел көзді, есірік тасқан қиын.
Жаман-жақсы арпалыс күнің өтер,
Кедейлік көкіректі бүріп кетер.
Аш, жалаңаш жүрсең де ардан безбе!
Онсыз да қайырсыздық түпке жетер.
Қуарғанға жасарып көктеу қиын,
Көргенсізді көргенде сөкпеу қиын.
Парықсызға ой айтып, сөз шығындап,
Беделінді орынсыз төккен қиын.
Жетесізге желігіп жеткен қиын,
Қу тақырға тұқымды еккен қиын.
Заманың түлкі болып қуланғанда,
Көз жасыңды көл етіп төккен қиын.
Бақ пен дәулет пендені масықтырған,
Ажалына жетуге асықтырған,
Шіренетін надандар жетіп жатыр,
Өзін-өзі санайды асып туған.
Жанбай жатып жұлдыздай аққан қиын,
Оңай олжа пайданы тапқан қиын.
Таңғы тамақ төңірден деп қорықсыз,
Шалжиып, төр алдында жатқан қиын.
Жаманды жақсы екен деп мақтау қиын,
Азаматқа талшықты таппау қиын.
Алла берген аманат шыбын жанды,
Қандықол, қарақшыдан сақтау қиын, —

деп мұнды күрсініп адал ойын меншіктеп орнынан тұрды. Ақынның құпия сырына иланатын ауылдастарынан басқа кім бар дейсің. Оның үшінші көзін, екінші елес бейнесін, жанын сақтар тіреніш рухы қиядағы қыранда екенін мүлде нанымсызға жоритындар сөзің жағымды емес деп түрмеге де салды. Мың жерден құлыптаса да ашылып қалатынын, оқ атса да дарымайтынын, тіпті оқтарын қолымен уыстап өздеріне қайтып берген құпияны болмайтынға балады, сенімсіздікпен

қарады. Қатігездіктерінің бірде-бірі жүзеге аспағасын соңына түсуді қойып, көңілдері суи бастады. Бірақ, елдегі безбұйректердің қыжылы бар, кексінетіндері жетеді. Сондағы жазығы “37-нің” жаулары делінетіндердің, оның ішінде Бәтиманы көрсе: “Ұрпақ аман болсын, шыдаңыз, тағдыр үнемі терістіктен соғатын дауыл емес, сендерді де жарылқар”, — деп көздері жасаурап тұрған Сыдық, Мұхамбет, Бақытжанның маңдайынан сипайды. Ішіне пышақ айналмайтын Қыпықтар соны да көре алмайды. Күндеуден басқа бөліп берері жоқ ағайын осы. Өзгенің күйінішіне ортақтасып жұбата алмайтындар да сорлының сорлысы емес деп айта алмассыз.

Уақыт тірлікті тонап өтіп жатады, бірақ қуаныштың да, қайғының да өшпес ізі қалады... Ізі емей немене 1921 жылдағы аштықты тарихи құжаттар сараң ашады, деректер мүлдем аз. Езілген халықты жарылқап, қолына айды алқа, күнді жүзік етіп қондырамын, жұмыр жерде теңшілік орнайды, кемшілік болмайды деп жар салған Қызыл империя шу дегеннен улы тырнағын Қазақ еліне батырып, онсыз да жартылай қырылған халықтың 1922 жылғы жинаған жаңа егінінің 417 миллион пұт астығын салық есебінде тартып алған екен. “Айналайын өкімет бетімдегі бес тесік үшін, жаныма біткен екі қолым үшін, артымда қалған ізім үшін, үйдің моржасынан қисық түтін шыққаны үшін, әйтеуір толып жатқан ебеп, себептермен жел соқса ұшайын деп тұрған әлсіз халықтан 277 миллион сом салықты алтынға балағанда теңгеріп есептеп жинап алады. Үкіметтің қызыл жағалалыры ырқ-ырқ күліп: “Далада тышқан көп соны аулап жесендер де өлмейсіндер. Мия тамыры, дән араластырған көк сабан, борық, доңызқоға түйнегі тары кебегі, атқұлақ бәрі-бәрін теріп жесендер борықтай аппақ боп семіресіндер. Ең бастысы әлемді жарылқайтын үкімет өлмеуі керек”, — деп үгіттейді. Оған көнбесе қызыл жағалылар мылтық төсеп тартып алады. Сорлы халық ажал тау сыртында деп жүрсек, ту сыртымызда болғаны ма?” — деп естен танады. Қарымды қаламгер Сырым дерегінде:

Бұл кезде Қазақстанның Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш төрағасы, әрі аштарға жердем ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы Сейітқали Меңдешов Бүкілодақтық Атқару Комитетінің төрағасы М.И.Калинин мен ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинге халықты аштық қырғынынан сақтауды айтып, үсті-үстіне хабарлап көмек сұрайды. Онысы тоқал ешкі жаратушыдан мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылғандай болып, Еділ бойындағы аштыққа ұрынған 23 миллион халықтың біразын қазақ жеріне қоныс аударуға шешім шығарады. Сол жылдың өзіндегі аштық ұлттың болашағы балалар өмірін турап түсті. Әке-шешесі өліп жетім қалған 480022 бала, оның 22600-і 575 балалар үйіне орналастырылса, 460 мыңдай бала қамқорлықсыз қаңғып, біразы қырылып қалған

екен. Міне, қазақ даласындағы Қызыл империяның сұмдық қырғыны Мәскеулік билікпен осылай басталған. 1922 жылғы 25 шілдеде С.Мендешов басқаратын комиссия атынан: “Қазақстанда аштық басталды. РКФРО-ның орталық органдарынан ашыққандарға жәрдем көрсетуді сұраймыз, босқындарды қабылдауға мүмкіндік жоқ”, деп дабыл қаққандарға ешбір көмек болмаған екен. Мұның өзі Құрманғазының айтқан: “Жендеттер қырды не, табиғат апаты қырды не, қырылған қазақ қырылып жатыр”, — дегенінің кебі келіп шексіз даланы босқындар жайлап, талшық таба алмай өліп қалғандардың мүрдесіне толып кеткен. Тек қана Батыс Қазақстан облыстарындағы төрт уездің өзінде үш жүз елу адамды босқындардың сойып жегені, мүрделерді азық еткені айтылған губком баяндамасындағы сөздерге жан түршігерлік еді. Бұндай суық хабарды Калинин де, Сталин де естіп, білсе де былқ етпегеніне таңқалмай-ақ қойыңыз. “Қазақтар бір жарылған жұмыртқа, бодан халыққа жанымыз несіне ашиды” деген пиғыл танытқаны анық.

Содан елдегі ақылды қариялар: “Аштық: “Қайдан табайын?” — дейді, қайғы: “Кімге мұңымды шағайын?” — деген бар, міне сол болды. Небір жаман ауруды, ем қонбайтын дертті әулиелер бір жандық сойып, соның қанына отырғызып құлан таза жазып жіберетін-ді. Соны есіне алатындар: “Бұ, Мәскеуде адамның қанына отырмаса дерті жазылмайтын ант ұрғандар отырған шығар!” — деп күбірлемеді деймісің. Сол кезде арық адам тырысқақ, аш адам ұрысқақ боп жүрсе де ел ішіне Еділ бойынан басқындарды қаптатып жібергеніне налыды. Күш көрсетіп талап, тіпті әлділері адам етін жеп жатқаннан шошыды. Бүгін, не ертең өзім де өлемін-ау дегендердің бірі әулиеден жұмақ пен тамұхтың бейнеті мен рақатын сұрай берген соң:

— Асықпасаң жұмағының да, тамұғының да қызығын тездетіп өзіміз де көреміз, — депті. “Қан — су емес, жас емес, жүрек сорлы — тас емес”, бірақ әр көсемнің өзгенің көзіне көрінбейтін жетекшісі бар. Егер ол тасжүрек Ібіліс болса халықтың қаны судай шашылудан кенде болмас — деп ақын-жүректі әулие жер шұқиды. Еті тартылған саусақтары дірілдеп: “Тоймай ішкен ас құрысын, қорлықта өткен бас құрысын” деген сөзді Айдарбек көзімен көріп, құлағымен естісе де іштен тынып жария ете бермейді екен. Жан-жақтан ажал қасқырша ұлып жалмап жатқанда алауыздық, сатқындық өрттей лаулап өршіді. Маңдайыңнан сипаймын деп тұрып, таңдайыңды суырып алатын сұмпайылар қаптады. Осындайға кіжінген Ахмет Байтұрсынұлының:

“Қинамады абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны”, —

деп күйзелгенін айтсақ қабырға қайысады. Алаш көсемдері халықтың шыбынша қырылып жатқанын көріп түрлі амал іздейді. Бірақ, тапқаны қолдау емес, қорлау еді. 1920 жылы елден аластатылған Әлихан Бөкейханұлы, Жанша Досмұхамбетұлы, Халел Досмұхамбетұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқайұлы және басқалары 47 адамға сот болып әр түрлі жаза алса, 1937—1938 жылдары “Алаштың” көш бастар көсемдері “Халық жауы” деп танылып атылып кетті. “Кіші октябрь” деп Голощекиннің аштық арқылы халықты қыруы қылмыс емес, ал адамдардың жазықсыз өліміне жол бермейміз, деп ара түскен даналарымыздың ісі қылмыс деп танылғанын Сталин білмеді деймісің. В.И.Лениннің өзі сенімсіздік көрсеткен КСРО мемлекеттік прокуроры бұрынғы атаман менышев А.Я.Вышинскийдің тас жүрегі заңдылықты озбырлықа бағыштады. Ат, жой, қыр, адам құнсыз, деп түсіндірді. Қатаң талап етті. Сосын жоғарының айтқанын орындау заң, деп жер-жерде дүрбелең дүрілдеді. Өрттей өршіді.

“Қашайын деп тұрған қоянға, тәйт дегесін не жорық” деп ұлтымыздың ұлыларын шетінен жазалап жатқанда су жүрек қорқақтар елді таламағанда қайтеді. Айдарбек ауылдағы ашықса да ашық айтатын ақынның сөзін естіді.

Қансорғыштар қақалғыр,
Іргеңе барып тақалғыр.
Адалын алды жинатып,
Талдап жұлдық сақалды.
Төрден жуық көр болды,
Белсенді деген ез болды.
Жарылқайды деген өкімет,
Бөлду-бөлду сөз болды, —

деп зарыққаны тарих емес пе! Ал, Қазақстандағы 1929—1932 жылдардағы халық наразылығынан бұрқ ете түскен 372 көтеріліс әлі күнге зерттеліп, ашық жазылмай келеді.

— Көсем де адам, ол да ет пен сүйектен жаралды, жұмыс жасаған пенде қателеспей тұрмайды, — деп қариялардың көбі Сталинді жақтар еді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы теңдесі жоқ ерлігін тілге тиек етер еді. Ендеше, ұлы болсын, кіші болсын адамның өзіндік ләззат алатын, жанына рақат табатын жеке ісі болады. Ал, көсем Сталин әлемді аузына қаратуға әркет етіп тұрғанда ертеңгілікте әр күн сайын белгілі жерге барып күрекпен топырағын жалғыз өзі аударып, сосын етігімен майқандап кетеді екен. Күн сайынғы қайталана беретін сол әрекетке төзе алмаған оққағарларының кейбірі өзін-өзі атыпты деседі.

Демек, ойға қаласың, мола қазушы мола қазбаса жаны күйзелмей ме? Алақаны қышып байыз таппауы да мүмкін. Сонда Сталин де мола қазып жатқандай рақат сезімге бөлене ме екен? Өйткені, халықтың баудай түсіп, мемлекет машинасында езіліп, қырылып жатқанын біледі ғой.

Алашордашылардың халықтың ауыр тағдырына көмек беріп жүргенін елемей қылмысты іске айналдырғысы келгендерді Кемеров губернаторының әкесі, білікті заңгер Молдағазы Төлеев сындылар қорғағаны тарихи құжаттардан белгілі болып отыр. Ақырында жергілікті сатқындардың күнкілінен тықыр туғасын қауіп-қатер басына төнгесін, сатқындық дүлей күшті біліп елін, жерін тастап Молдағазы Қарақалпақ асып кетіпті... Міне, халықтың аузындағы: “сужүректік... түбіңе сол жетеді, өлім, үрей — ағайынды екеуі” деген мәтелге жүгінбеске болмайды. Көсем саясатының дауылынан жан-сауғалап қорыққан сатқындар ешкімді де аямай, аштық, ату, соттау, қырып-жоюды өз қолдарымен аяусыз іске асырды. Ал, осындай зобаланда қазақ әйелдері әлемде қайталанбайтын ерлікке барды, өзі, қыздары аштан қырылса да бейіл, қара шаңырақтарына ие болар ұлды аман алып қалудың амалын алды. Ұлыларымыз бен даналарымыз түрмелерге жазықсыз жабылғанда да бірде-бір әйел сатқындық жасап жала жаппады. Бұл қайталанбайтын ерлік имандылықтың теңдесі жоқ мысалы еді. Шығармада қарапайым қазақ әйелдерінің зар-нала жылдарындағы зәбірлерін тілге тиек етуіміз де сондықтан. “Терең ойлы, жақсылығы жарқырап көрінетін, адамдығы замандасынан жоғары тұратын ақылдыларды тұстасы мойындамақ түгілі қаскөйлік істейтінін қайтерсің, — деп Айдарбек құдіретті композитор, скрипканың данышпаны аталған Паганини туралы оқығаны барды. Гетенің бағасында: “Қараңғы түнді жарық ететін құйрықты жұлдыз, менің сөзім шақ келмейді мұндай ғаламат өнерге, жандүниенді жарқыратып ашып беретін өнер қасиеті қайталанбайтын шығар” деген Никколло Паганинидің шығармашылық жаулары өлгенде де қастандығын аямапты. Біресе, шығармасы шіркеуге қарсы десе, біресе оба жұқпалы ауруымен өлген деп жерге тапсыртпаған. Ұлы балзамдалған әке сүйегін теңіз жағаларына, Сан-Ферр соль шыңына, аралдарға сүйрелеп үстемдіктің шексіз зәбірін көрген.

Айдарбек әке-шешесінің, туыстарының моласы жер бетінде қалса, жүрегін суытуға, аруақтарына дұға тигізіп, ұрпағын басына апарып тұрса, одан артық бақыт болар дейсің бе, дейтін-ді. Сталиндік зұлматтың ең кешірімсіз жауыздығы дала даналарының сүйектерін қай шұңқырға қалдырғанының белгісіздігі кімнің қабырғасын қайыстырмас дейсің. Адамзат тарихында мұндай жауыздық бұрын-соңды болмаған шығар, — деп Айдарбек іштей толқитын еді. (Бүгінде әкесінің өлі денесін арқалап жүрмек түгілі, әлі кетісімен қарттар

үйіне тапсырып жатқан тасжүректер қаншама? Тіфә, пәлекет өзімен кетсін).

Ақан Ыбырайұлының қос қарашығында өмір суреттері, жүрегінде өкініштің сызы жатыр. Байқап қарасаң кейде жақсылық та, жамандық та, адамдардың өзінен. Тірлік толған теңсіздік пен үстемдік, езгі мен езілу, бағындыру мен бағыну, әлді мен әлсіз, қорлау мен қорлануды пенденің маңдайына жазса қиянат балалап өрбімегенде қайтеді. Тексіз тұқым жоқ, ашу, ыза, кексіз пенде жоқ. Соның бәрі де басынудан шошиды, орынсыз өпіремдікті кешіре алмайды, қаскөйлікті көтере алмайды. “Соқыр өгізді соқыр өгіз жетектесе сорға батырады” деген болады деп қорқады. Жамандық жаулық, оныңыз ажал қақпасын ашады деп сескенеді. Сосын кешірмейді зілбатпан зәбірді. Бірақ, көп қорқытады, терең батырады, десе де шамадан тыс қорлыққа тойтарыс беруге бұлқыну ерлердің ісі болған. Бабалардың ғасырлар бойғы ерлік өнегесі заманымен жаңарып отырған. Тартысқа толы тарих тағлымы кімнің есінен шықты дейсің. Ойлы көз өткенді шолиды...

Айдарбек Кәкімжанов та қазақ күйлерін төгілдіріп барып әлемдік сазгер Паганинидің шығармасын орындап ойға батады екен. Ал, қазақтар анаңның ақ сүтін Меккеге арқалап апарып келсең де ақтау қиын деседі. Егер, сталиндік зұлматта Айдарбекке:

— Кеңес өкіметі бай, кулактармен сыйыспайды, сондықтан әкенді Меккеге апарып ажалын күтіп жерле, арқалап әкет, — десе ғой. Сонда әкемнің жер бетінде моласының барлығы жаныма медеу болар еді, — деп Айдарбек қуана келісім берер еді. Жоқ, олай демеді, жаратушының жарлығынан, зұлматтың жарлығы күшті болып, ақырында әкенің сүйегі бүгінгі Соколов — Сарыбай кенішінің қай бұрышында қалғанын да білмей арманмен, зарығумен өмір жасын қысқартты... Бұл жалғыз Айдарбектің жанын жеген қасіреті емес еді... Адамзат тірлігін қанмен жуған кезең қайғысы жалпыға ортақ болғанына дерек жетерлік...

САРҒЫШ ТАРТҚАН ҚҰЖАТТАР, САНСЫРАҒАН ОЙЛАР

Әу, бастан қырсық шалған тоталитарлық мемлекет “аяғы” аспаннан келіп тыраң етіп құлағанына да біраз жыл өтті. Жер бетінде коммунизм орнатпақ прогресшіл адамзаттың көсемі В.И.Лениннің жарқын идеясы жүнін жұлған тауықтай жұлмаланып ақырында қаншама жақсылықтардың сәті түспей қойды. Езілгенді теңеймін, кедей-кепшікті жебеймін, адамдар түр-түсіне, нәсіліне қарамай тең құқылы, деуді желеу етіп қан төгудің сынақ алаңына айналдырды. Сталинизм үрейизмге ұласты. Сотталғандарға: “Ештеңе емес, Ленин де түрмеде отырған, түрме адамдардың бойындағы туа біткен ол-пұл

мінін түзеп, жаңадан қалыпқа құйғандай әп-әсем азамат етіп шығарады, сосын ерінбей-жалықпай социализмнің кірпіші боп қаланасындар, болашақтарың бақыт нұрына бөленеді” деу мәтелге айналды. Бүгінгі еркіндік, тәуелсіздікті аңсау бұлтты қарманғандай құр елес еді.

Енді, міне, Қазақ елі басқыншылық, үстемдік езгіден құтылысымен демократия есігін именбей ашып, өткен тарихтың қаралы, қайғылы беттерін сарғыш тартқан құжаттардан іздей бастады. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы шілдедегі жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы Заңының қабылдануы халықтың жүрегінен орын алды. Сондай-ақ, Президентіміз Н. Назарбаевтың 1997 жылды жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп, ал 31 мамырды саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп белгілеуі өткен тарихымызды зерделеуге мүмкіндік берді, мұны таяу және алыс шет елдер аса жоғары бағалап, қолдады. Сөйтіп, халқымыздың аяулы азаматтары, дара тұлғалардың есімдерін, тар жол, тайғақ кешудегі жазықсыз жанын пида еткенін, көрген зәбірлерін түгендеп, бүгінгі ұрпаққа нақақ төгілген қанды қырғындарды баяндап, көз жеткізіп, көңіл орнықтыруға бағытталған біраз жұмыстар атқарылды. Ол жалғасын таба бермек.

Әрине, қоғам болғасын ірілі-ұсақты қылмыс жүріп жатады, қылмыскерлердің жазасы беріліп жатады. Бірақ, әр нәрсеге саяси астар беріп шындықты, адалдықты темір сандыққа салғандай дүрліктіре түсудің жөні басқа. Әйтпесе 1921 жылғы “Петроград жауынгерлік ұйымы туралы іс”, осыдан кейін арасын суытпай “эсерлер процесі”, оны азсынсаңыз тағы да жалғасын тауып, жағадан алып, кеудеге мылтықты тақап жатқан “шахтинский процесі”, “промпартия ісі”, “меньшевиктер процесі”, “Тухачевский ісі”, “тексіз космополиттер”, “соттан тыс органдар”, “өйгілі үштіктің ерекше процесі” сайып келгенде мұның бәрі де тырс етсең, тыраң еткізетін, кеңірдегіңді алмаспен шалып о дүниеден қылаң еткізетін, қайғы-қасіреттің зардабы қанша ғасыр өтсе де ұмытылмайды. Талай боздақтар жазықсыз болса да осындай қаулы-қарарлардың шекпенін жамылып түрмеден бір-ақ шықты. Қандышеңгелдік көрініс адамдар жадында? Неге дейсіз бе?

— Есепсіз қырғын, екі кісіге сөзі өтетін, таланттылар мен дарындылардың соры.

— Сәл нәрсеге бола себепсіз жазаланудың зары. Бір емес, бірнеше ұрпаққа танылған қара таңба?

— Қарттар мен балаларға дейін, отбасы мен қыз-келіншектердің бәрі қоса қылмыскер атануын не дерсіз? Қара халық кезінде оның оң-терісін аңғарған да жоқ. Өйткені, саясат мемлекет машинасының

заңсыздығын білдіртпей жататынын ұқпады. Адамды насихат арқылы оп-оңай қара бет атандырып таратты. Биік мінбелерден жалған жала шындық деп дәлелденіп, оны қорқақтар куәландырып жатса, халық кімнің ішіне кіріп шығыпты, бәріне иланды. Өз басының амандығын тіледі. Кесер кеңірдегіне талшық тапқанға мәз-тін. Қара халық қай заманда да дәрменсіз, саясаттың ұйытқуын да елең қылмайды.

Кеңестік жүйеде жаппай қырып-жоюға икемді, ең қатігез жендеттік пиғылды, тас жүрек надандардың қолына билікті берді. Бұл тарих алдындағы сорақылық еді. Мәселен, Қазақстанда Ф. Голощекин “кіші октябрь” деп даурығып, халықтың ежелден қалыптасқан өмір сүру дағдысын ойрандай бастады. Елде бір қазаннан ас ішіп, бір көрпеден өргізетін көрінеді, жаңа үкіметтің мұнысы сұмдық қой, деген лақап тарайды. Жүректердегі жылылық бірте-бірте мұзға айналады, Голощекиннің бүйідей тиген сүргінін Сталин біліп, құптап отырды. Жер, су жағдайымен мал өсіріп, көшіп-қонып жүрген халықты ұжымдастыруға, әп, дегеннен жүздеген байлардың мал-мүлкін тәркілеуді, елі, ата жұртынан айыруды қарудың күші, найзаның ұшымен жүргізді. Халық аштан қырылып жатты, мұның жөнсіздігін айтқан үкімет басшылығындағы қазақтарды түрмеге тықты. Голощекин Кеңес үкіметіне қарсылықтан ашықты деп шындықты бұрмалап, қолдан жасап жатқан қырғынға беті бүлк еткен жоқ. Дәл осы тұста тоталитаризм міндетін орындауда мемлекеттік қауіпсіздік орган қалқан мен семсер болып “партияның қарулы күші” атанды.

Алдымен қандай ұлт болса да сүттей ұйыр діні бар, соған тікелей шабуыл жасалды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің дерегі бойынша Ақмола мешітінен 15 адам құрыққа ілінді. Себеп, үкіметке қарсы үгіт жүргізілген делінді. Қартай Өтеуов, Батақ Таңызов, Бекіш Мұқабеков және басқалары жазықсыздан жазаланды. Осыдан біраз жыл бұрын облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетті басқармасының бастығы Е.Исақұловтың газетке жазған дерегі бойынша: “1998 жылдан бергі уақытта 4835 адамның мұрағаттары қайта қаралып, оның 4275-і, мұның ішінде соттан тыс жазаланған 1062 адам ақталған”. Әрине, бәрі неге ақталмады? — деген сұрақ көкейіңізде тұруы мүмкін. Айталық Ақмола қаласының қару сақтайтын қоймасының күзетшісін өлтіріп, қару-жарақтарды ұрлап кеткен бандылық топты қандай заң ақтап алады. Ол ешқандай қуғын-сүргінге жатпайды, ондай қылмыскерлер ол кезде де, бүгінде де аз емесі белгілі.

Ал, адам жазықсыз жазадан өкінеді, ең қайғылысы сол саясат құрбандарының қай жерде жерленгенінің белгісіздігі. Оны әрине, “үштіктер” білді. Бірақ, Ақмола облысының ішкі істер ұлттық

комитетінің басқармасында “үштік” болмаған, соттан тыс істерді Қарағанды мен Солтүстік Қазақстан облысындағы “үштіктің” кеңесі шешіп отырған. Мұның өзі жергілікті жерде туыс-туғандық, ағайынгершілікке бұрмалау болады деп күдіктенгеннен шығар. Ал, шындығын анықтамай, жергілікті жерде саралау болмастан, яғни жаны ашымастар үстемдікті меншіктеп, қолға түскенін ата бер деген болса керек. Осыдан келіп тұтқын дауылына шет ел азаматтары да ілігіп сұрапыл өртіне аз шалынбаған екен.

— Осыдан бес жыл бұрын республикамыздың Венгриядағы елшісі арқылы, — деп жазады Е.Исақұлов, — Мет Альфред анасын іздегені ұлттық қауіпсіздік комитетіне белгілі болды. Түрлі құжаттарды қарап, жалықпай іздеу нәтижесінде оның анасы Малиновкада “Алжирде” жерленгені анықталды. Мұндай деректер де жетерлік.

Ақмола қаласының тұрғыны Аманкелді Ысқақов әкесінің ақталып, фотосуретін қолына алғанда:

— Қайран асыл әкем-ай, сүйегің қайда қалғынын білмесем де суретінді тапқанымға қуаныштымын, — деп еңірегін көргенде қосылып бірге жылар едің. Суайт, жалғаншы, есуастар қай жерде көп болса, сол жерде адам сенбес оқиғалар өрбіген. Макин мен Маринов аудандарында “қызыл телпек” деген жасырын ұйым “ашылыпты”, оның мақсаты үкіметті құлату деген сықылды лақаппен 101 адамның ісі қаралып, оның 32-і атылып кеткен. Өсек өртін салушы алыстан келген емес ағайын-туыстарының қыжағы, іштей өшпенділігі, жымысқы әрекеті. Ол іс құжаттарда нақты дәлелденбей, өсек-аянға үкім шығара салынған. Ал, 1937 жылы Қорғалжын ауданында “диверсиялық көтеріліс жасауға бағытталған ұлттық ұйым құрылды” деп лақап таратушылар да ағайын-туыстардың қырғиқабақтығы екен. Осы іс бойынша жауапқа тартылған халыққа білім беру саласының 25 адамы атылып-кеткен, оның ішінде Қадырбек Майқанов, Сәби Күркенбаев, Мұсабек Төлеубеков, Жүсіп Олжабаев, Сабыр Рахымбеков және басқаларының өмірін қиюға кім жауапты? Күншілдік, отбасында Ібілістің азғыруына ерген алалығы, рулық тартыс емес деп көрші...

— Халықтың көптеген талап-тілегінде заңсыздыққа жол берген тергеушілер мен соттарды, үкімді орындаушыларды жазасыз қалдырмауды сұрайды, — деп Е. Исақұлов оған жауап іздейді.

— Бір мысал, 1938 жылы атылған Сталин аудандық партия комитетінің хатшысы А.И. Пашистовтың ісін жүргізген Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі Істер Ұлттық комитеті басқармасының 6 қызметкерінің үшеуі Шкурский, Моисеевский, Морозов Отан соғысы майданында қаза тапса, Панов социалистік заңдылықты бұзғаны үшін атылып кеткен.

Міне, жазықсыздың өлімін шыбын құрлы көрмеген тасжүректердің де жазасын жаратушы шығарып отырғаны қарғыстың ақмылтығы деу керек. Ұлтымыздың ұрпағына: “Алланың тарыдай күнінде қарғыс алма, алғыс ал!” деп қақсап жататыны тегін емес...

Осы шығарманы әдеби өңдей отырып, бірінші бөлімді “Қарғыс атқан” деп атаудың себебін оқушы енді түсінер...

* * *

Әркім кәмелетке жеткесін: “мен өзінді жанымдай жақсы көріп, өлердей сүйемін!” дейтінін еске ұстайды. Алғашқы сүйіспендікті ұмытпасы анық. Бір қария, алғашқы сүйіскенді Құдай қосады, қалғаны жалған, жастықтың тұнық сезімі маңдайға жазған бақытын, оны лайлама дейді. Бірақ, өмірдің талай қиын соқпақтарында кімнің Баяны мен Қозысы қайда қалмады? Өзге түгілі өзінді де түсінбей тірлік тезіне түсіп, телмірген кезде алдымен шынайы махаббат шаң боп ұшады. Оған не шара? Ақ бұлттың ар жағында арманың боп жүретін ақ құс сезімінің болғаны да жөн шығар. Адамға армансыз өткен өмірді тағдыр жазбаса керек...

— Бірақ, күнге ұмсынған күнбағыстай қос жүректің алғашқы дүрсілі, күйіп-жанатын ынтықтық, ыстық ықылас, жылдар өтісімен құр сөз боп тынама екен. Махаббат шөлмек, епсіздің қолында күлпарша боп сынады. Ақырында адамның өзін-өзі алдауы, жоққа жұбанып, өкінішті меншіктеудің бастамасы. Мен ешкімді сүйіп көрген жоқпын, сүймеймін де. Өйткені, өзімді алдағаннан қандай жақсылық таппақпын”, — дейді Светлана.

— Адаспа қызым, күйкі болса да күйеуің болсын, деген бар, жаныңды суыту өмір жасыңды қысқартады. Жаратушының құдіретіне қарсылық жасама?

— Тән мен жанның керексінетінін тежеп, еркіңе ие болмасаң, несіне адамсың. Сүю дегенің балаша алдану, ойсыздыққа ақырында өкіну. Біреуді ойлап, жанымды жеп, титықтайтын жағдайым жоқ.

— Қарашығым-ау, жұмыр жердегі кеудесінде жаны бар жыбырлаған тірліктің бәрі жаратушының құдіретімен махаббат арқылы ұрпақ қалдырып жатпай ма? Құдірет даңқын елемейтіңізге түсінбеймін, жалғыздық бір Аллаға ғана жарасқан деседі. Ұлбіреген ажар-көркін жолдас болмайды, ойлан.

Қызының жалт еткен жанары, бұрқыраған жастықтың тәтті иісі, пайымды пішімін көріктендіре түсетінін көріп, ана өзінен өткен жастықпен сырласқандай еді. Өзі бойжеткесін ата-анасының айтқанын екі етпеді. “Сүймесен де бәрі бара-бара қалыпқа түседі, мінез-құлқың үйлеседі, әдептен аспауға дағдыланасың, бала сүйесің, пер-

зентке деген ынтық сезімге ештеңе тең келмейді, — десе де ана ауыр күрсінді. Бәлкім қариялардың: “күндіз екеуміз, түнде төртеуміз” деп астарлап, яғни әйел өзінің сүйгенін ойлайтынын, ері де өзінше армандаған махаббатын есіне алып, төсекте де теріс қарап жататынын айтқысы келмеді ме? Бірақ, ерінің төсектен суығаны, жарым деп, балалардың анасы деп еміренбейтінін кешіре алмайды...”

Ауыр күрсінді, жұлын-жүйкесінің шатасуынан қажыған ана дүниенің рақатын көрген жоқ. Махаббатты жоқтаған қиялдан арылып, күңгірт өмірге түкірдім дегелі бертінде ғана. Оны есі кірген кезде Светлана сезіп, мүмкін сүйіспендіктен жеруі содан да шығар.

— Өмір ақ пен қара бояу, оған бағынуға, мойынсұнуға тиістісін демексін бе? Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген махаббаты өнеге болмай ма? — деуді де айтарсыз. Меніңше нәзік сезімнің уақытша тербелісі, теңсіздікпен дәрменсіз күрес, балалық алдану, ғажап қарым-қатынастың қаскөйлікке жем болуы. Егер солар шаңырақ көтерсе, қазан-ошақтық күйкі тірлігімен бәрі ұмыт болар ма еді. Өз басым тән мен жанның талабына бас ұрып, құлдықпен жүгінуді қаламадым. Орайы келсе сезімді де сөндіруге болады... — деп ана жүрегіне шаншу тастағандай сыңай танытты...

— Неге?! Өйтіп, тірліктен торықпа, жақсылар көп, біріне жолығасың...

— Қатарыңнан кем болмай, алды боласың демексін ғой. Ішіп-жеп, ел кимегенді киіп, бір пасық кеуденің қолтығынан ұстап бақыттымын деуді қаламаймын. Ұры-қарылықпен, қулық-сұмдықпен заманда-сымнан озуды бақыт санамаймын. Тым жиіркенішті. Өмірде ләззат алатын жағдайлар жетерлік емес пе! Мысалы, өз еңбегіңнің рақатын көру, ақ теріңе қуанып, тәтті дәмін татуға не тең келеді. Сонда күш-қуатыңның өлмейтініне қуанасың. Адамгершілік сезім шалқары деп ашық айтасың. Өз ақылыма жүгінсем, біреудің қуыршағы, үстемдігінің жемтігі боп қайтем. Арамза, ардан безгендерге өмірімді ластата алмаймын, — деп Светлана анасына қарады. Онысы лас сезімге қор болып, жынды атанып, зарлаумен өткен күндеріңнен не таптың? — дегені ме еді. Құрып кеткір құны жоқ арманнан күдер үзбей қанша жыл зарықтың. Ол расында бір түндік ләззатпен тынды, өшті, қайта оралмады, жоқ болды, бірақ тентіретіп, теңселтіп жіберген жындылығын емдеп жазды. Оны Светлана жаста болса сезген-ді. Сол күн... аяулы шақ, ес-тұсынан айырған махаббаттың нүктесі ме еді. Әкесі алыс сапарға кеткен-ді. Бір күні кешке қарай ұзын бойлы, ақ өңді, тік қабақ, өткір қой көзді, жүріс-тұрысы тым ширақ ер адам жолаушылап келе қалды. Өз-өзінен күліп, қуыршақ ойыншық жасап, оны қайта бүлдіріп, сосын теңселіп жүретін анасы Мақпал әлгі жолаушыны көрді де екі көзі жайнап, әйелге тән ибалық қалпына

түсіп, жылы ұшырай амандасып кәдімгі есті қалып танытты. Құрақ ұшып ас-су әзірлеп бәйек болды да қалды. Сол түні Мақпал жүрегіндегі нала-қайғы тарқады, біраз жылдар өткесін махаббатты жүректер тіршіліктен алажағын алғандай еді. Сүйіскендердің шаттығы ешбір ем қонбаған дертті жазып тынды. “Күйігіңнен күйреп едім, ыстық сезімің бақытсыздықтың бәрін ұмыттырды, қош бол аяулы махаббат!” деген ықыласпен танды көзімен атқызды. Адамдық жан да, тән де сағынып, сарғая күткен ләззатын алып, өмірге іңкәр сезім қайта оянды...

Сол бойда анасы қызының жүзіне қылмыскердей жасқана қарады да: “Қайтейін, тағдырдың бұйырмысынан қапы қалмағаныңды тілеймін, біздің өмір жолымыз тым тараң еді, талайлар бақытын таба алмай сансырап қалды. Қайғы-мұңға толы шаңша ұшқан ғұмыр, — деді Мақпал.

* * *

Светлана өткен өмірге төреші бола алмайды. Бірақ, анасының бір түнгі махаббаттың тән қызығына ұласуымен қайта жасарып, ақыл-есі, санасының жаңарғанына қайран қалады. “Сүйіспендік жүрекке жара салып, дертті қалыңдатады екен-ау, шүкір, өзім ондай қор болудан сау екенмін. Рас, орта мектепте оқып жүргенде бір жігітті жақсы көрді, тіпті жанына жақындаса жүрегі алып-ұшатын. Ынтазарлықтан не тапты?” Осы қыз мені шын жақсы көреді-ау, — деп мойнын бұрғанда жоқ, назарын салмай-ақ шойын қара, тәңкі танау, ұшып-қонатын жеңілтек, ап-аласа бойлы қызға өліп-өшіп, ес-түсінен айырылғандай күй кешіп, ақырында үйленіп кете барды. Қариялардың “аштық ас талғамайды, махаббат жас талғамайды, сен біреуді сүйесің, ол басқа біреуді сүйеді, бірін-бірі шын жақсы көретіндер махаббат шыңына жете алмайды, ақырында біреу қайқыны, біреу дүңкіні қалап кете барады. Өмір сонысымен қызық шығар, өзіңе лайықты жар тауып, өмірдегі махаббаттың еркіндігімен өлгенінше жүрегін жылытатындар тым сирек, адамда талғам зор, өсіресе әйел талғамы биік, оны қанағаттандырып жеңіп алу екінің бірінің қолынан келе бермейді”, — дейтінін Светлана талай естіген-ді. Әжесі айтатын: “Болаттан берік махаббаттың куәсін “Алжир” лагеріндегі жазалылардан көргенбіз. Олардай болу қайда? Айта қалсын деуге лайықты ғой. Қазақстанның қайраткерлерінің жары “Халық жауы” атанып азап лагерінде өлгені де көп еді”. Светлана атасынан соның мән-жайын сұрап білгісі келеді. Қазақ даласын қанға бөктірген, қарғыс арқалаған республикадағы он сегіз мың НКВД-ның бірі Дүрен тіс жарып сөз айтар ма?! Өлсе сүйегімен бірге кетер. Лагерьдегі әйелдердің көкірегі күмбірлеп:

Тамақ дәмі татиды тандайыма,
Сұм тағдыр не жазыпты маңдайыма?
“Алжирде” ажал күтіп отырамыз,
Тап болдық замананың қандайына?
Жақсылар жазаланып кете барды,
Ертелі-кеш зарығып зарлаймын, ө?!
Қос қанат құсқа біткен, маған бітсе,
Ұшып-ақ жан жарыма бармаймын ба!
“Алжирдің” күні де түн, түні де түн,
Әлсіз үміт жүректі қорлайды, ө?! —

дейтін зардың парқын Дүрен түсінген жоқ. Ниетіне қасқыр шапқан қалпынан танбайды. Басы жерге жеткенше Сталин деп өлері анық. Өйткені, Калининнен бастап халық басқарған көсемдердің әйелдері лагерьде жазаларын өтеп көздеріне қара шыбын үймеледі. Обалдары жоқ, бәрі де капиталист, шылқыған байдың қыздары. Көрсін көресіні, бір шыбықпен айдап, жон терісін сыпыр деген Сталиннің бұйрығынан айналайын. Теңсіздерді теңесе, күнсіздерге күн болу деген сол. Байдың қыздарына үйленген республика басшыларында да қаскөйлік жетеді, миларында шайнам ақыл жоқ. Олай емес, — деп айта алмайсың, бай қыздарының ақылын тындап қара халықтың қанын сорғысы келген жауыздық ойын Сталин айтпай танып отыр. “Таз тақиядан, қотыр қолдан жұғады” деген, арамыздағы жаудың көмекейіне қорғасын құйып, жұлымын қырықпасак біздің көзіміз соқыр. Лагерьдегі жау әйелдерінің бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай:

— Күйеуіңді сүйесің бе, — деген сұраққа іркілместен:

— Сүймесем бірге тұрып, шынайы махаббатым болмаса бала туам ба?! — дейтінін қайтерсің. Өлер алдында да махаббатым деуден жаңылмайтынын неткен емендей беріктік дерсің. Демек, бай тұқымын көбейтпек ойы бесенеден белгілі. Сталин жұрттың ішіндегі құпия ойын да сезіп, біліп отыр екен-ау. Өкімет басшылығының ішіне кіріп алып, ешкім аңғармас деп капиталист, байлардың қызына үйленіп мемлекетімізді құлатуды ойлағаны залымдық. Біз оны қатты ұғып алдық. Өкіметке қастандық жасағысы келгендерді жерге тығып алдық. Жаулықтың жанды жері махаббаттарымен енді о дүниеде табысады. Бір жүрегім бар, бір адамды сүйуге жаралған деп бай тұқымының менмендігі, лагерьде киімдері өрім-өрім болып жүрсе де ерекше кербездігі, жүріс-тұрысындағы сәндігі бізге үлгі етіп ұсынғысы келетін арам ойы емес пе? Тегінде байдың қызы, одан соң өкімет басшысының бірінің әйелі деп жұрт алақанына салып көтеріп, еркелеткеніне тәсіріп кеткендігін лагерьдегі темірдей

тәртіп сындыра алар емес. “Бір адамды сүйдім” деп жантәсілім алдында да айтқанынан қайтпайды”... Осындай күңіренген сұраққа бәрібір Дүрен сырын ашпайды. Сталиннің арыстаны қартайса да ызғарлы еді. Дүрен кейде немересі Светлана бір адамды сүйем демей, қу тізесін құшақтап өте ме, десе де “қызды жау да алады” дегенге сайып, мейлі дей салады. Махаббаттың құпия күші барлығын сезбей өткен оған бәрібір. Екі дүние бірдей, қай күні ажал келерінен мәлімсіздік қалыпта ас ішіп, аяқ босатады. Тұңғыш немересін Сталиннің қызы Светлана есімімен атандырғанын әлі күнге арқа тұтады. Ол — ол-ау, түрмелерде ажалдан қорыққандар Сталин мен Лениннің суреттерін арқасы мен кеудесіне салдырып атылудан аман қалғанын да біледі. Қазір сол көсемдер ешкімге керексіз, өлі арыстаннан тірі тышқан артық боп тынды. Осы сезім, ойға алған пікір көкірегін қақ айырғандай өкінішпен ұласты. Сосын “менің көсемге деген махаббатым мәңгілік” деп күбірлейді де жастыққа қисаяды... Теріс насихат омалдыратын оппа, құздан да құлатады, тұңғышқа да батырады...

* * *

Светлана әзірге ешкімнің үгітіне құлақ асқан жоқ. Сырлы қос қарашығын төңкере тастап тұңғыш ойға шомды. Адам денесі де кішігірім зауыт, өнімі бітірген ісі, қуат шығындап, оның қайтарымын алады. Біреу төккен терін адалдайды, екінші біреулер қалт-құлт етіп арамдап кетеді. Іс барысында ағыл-тегіл оқиғалар да өтіп жатады, оның да жақсысы бар, жамандығы да жетерлік. Сол мігірсіз тірлікке берілесің де ештеңеге аландап, бөгде ойды қаперіңе де алмайсың.

— Сен алғашқыда Талдықорғандағы балалар санаторийында дәрігер болып істедің. Мамандығыңды өлшеусіз сүйесің, махаббат арқылы дүниеге келген бүлдіршіндердің дерттен айығуына қызмет еттің. Баланың бал қылығына елжіреп аналық мейірің тасымады ма? Ендеше, өзің неге ешкімді сүймейсің, қатарың, теңің кездеспей жүр ме, өзің сүйгеннен гөрі, өзінді сүйетін жігіттер табылмай ма?

— Сүйіспендік, біреуді сүйуге құмартуды есіме алып көрген жоқпын. Кейде шаршап, денем өліп қалғандай сезінем. Өлі мен тірі — суық сезім. Өзім — жалғыз, сезім — жалғыз, оңаша өлім... Қалжырап барып төсекке құлап, түсте көрмей көз жұмам. Қабірім — өлі төсек. Ет пен сүйектен жаралған денем ешкімге керек емес. Оның үстіне шытырлап шөлмекше сынатын мінезіммен кімді бақытты етпекпін. Өзінің арам ойын жүзеге асырғанша, аптығып, алқынып сенсіз өмірім қараң қалған, сүйіктім, сенсің бақытым, жарық жұлдызым, деп құшағына алып, төсімді төсіне басып, ернін

ерніме тигізіп сүйгісі келген алаөкпе қулардың өтірігі, көлгірсуін құлағым естімейтін тәрізді.

— Светлана, өліп-өшіп елжірейтін жігіттерге соншалық суықтық танытуың қызық екен?

— Сөнген от қайта жана бермейтін шығар. Бес минуттық тән қызығына бола өлердегі сөзін айтуды қылмыс санаймын. Рас, сүйіскен кезде жүрегінде тасқын пайда болып, сезім бұлқынысы, жан-дүниенді өзге әлемге әкететіндей ме, әйтеуір, рақат күй кешетінін де білемін. Тағдыр мені ана болуға жаратқасын тас емшегінді жібітіп, тар құрсақты кеңітіп бала тапқанды бақыт деуіне де қосыламын. Бірақ, мен ондай бақытты болуды да қажетсінбедім. Әкесі ит еді, залымнан не жөнді бала тусын, дейтін ащы сөз жүрегіме тікендей қадала ма деп қорқамын. “Қарғыс атқаннан қарғыс атқан бала туады, тұқымың тұз сепкендей құрысын!” дейтін сөзді жасымда естігенім бар-ды. Сол сөз кімге арнап айтылғанын ұғып болмайтын едім. Зілді сөз сүйегімнен өтіп махаббат түгілі, адамдық сезімімді қайғыға батырып тастайтыны жұмбақ еді. Қасіреттің қара бұлты қара шаңырағымда деп ойлаппын ба?..

* * *

Өмірдің өкінішті тұсы иектегендей болды ма, Светлана адал сырласым дейтін замандасының өзіне ойын жұтып үнсіз қалады. Сосын қара көзін бір нүктеге қадап отырып: “Мен ешкімді сүйіп көрген жоқпын, сүйе де алмайтын шығармын. Өзім ғана, жалғыздық, оңаша өлетіндей көрінем. Тән тыныштығы, сезім тоқырауы. Махаббат дегенің меніңше нәрсіз, дәмсіз, үлгі-өнегесіз, жүрек түйнейтін, көріп отырып жиіркенетін шет елдің сиықсыз телесериялы сықылды. Бәлкім, оған ерді сүйіп көрмеген өзім кінәлі шығармын. Анам байғұс ақыл-есі кіресілі-шығасылы “үнсіз жынды” атанса да, ара-тұра: “қызым, байқаймын, жүрегіңнің жылуы жоқ, сүйіспендікті тамұх көріп түсінетін тәріздісің. Ол жарамайды, өзінді өзін алдарқата біл, сезіміңе жұбан, әйел адамның жалғыз қалуы қараңғы көрмен тең, дегенді ұқ. Заман өзге, теңінді тап, — дейтін. Ал, мен көрді қаладым, өзгеден жүрегімнің шайлығыуының да себептері бар. Маған біткен ақыл-ой, сезім жамандықты кешіре алмайды екенмін. Ұлы ұстаз, ақыл-ойдың кемеңгері әл-Фарабидің “Бақыт — шындық, ол — адамның ақыл-ойы, сана-сезімі толысып, кемелденген шағы” дегенін есінен шығармайды.

Шын махаббат жолында ажалға тайсалмай барған сұлулар тағдырын естіген, баспасөзден оқыған-ды. Әжесі есі кірген қызына:

“Бүгінгі сұлуымын дейтіндердің “Алжирдегі” сұлулардан садақысы кетсін, бүгінгілер опа-далаптың күшімен, көз алдап жүргендер ғой. И-и, лагерьдегі сол сұлу келіншектерге сұқтанып, көзім тоймай қарай бергім келетін-ді. Әйел, өзінен ажарлыны мойындайды, құрмет тұтады, еркектер өзімшілдігімен өзгенің артықтығын көпсініп, ішіне пышақ айналмай қызғанышпен кеуіп тұрады. Ұлтымыздың жұлдыздай ардақты сұлуларына қарыздар сықылды боп Дүреннен жасырып талай мәрте тамақ апарып алғыстарын алатын едім. Ардақты асылдардың тұқымын өз қолымызбен құрттық қой, әттең, әттең...” деп күбірлеп аяныш сезімін білдіретін еді. Содан-ақ, ой-пікірім өзгерді, адам денесі өзіндік отаны бар сықылды. Оны жоққа алданып сату, саудаға салу, алдау-арбаудың құрбаны ету сатқындық көрінді маған. Кейде махаббатты талақ еткендей безінудің себебін өзімнен іздеп шала бүлінем. Жас кезімде “балалары оңар деймісің, әкесінің әкесі қарғысқа қалған сталинец” дейтін сыпсың сөздерді де естіп қалатынымын.

* * *

Светлана атасын көрді. Қара сұр жүзі тым суық еді. Емірене білмейтін-ді. Қара тастай қатып, тіс жарып сөйлемейді. Адамға тіке қарамайды, ой-пікірін, көрген-білгенін тұңғыыққа батырып, қан жұтқандай күлгінденіп отыратын-ды. Екі көзі қанталап, әлденеге кіжінгендей сыңай танытады. Кейбір замандастары сыртынан: “Алжирде көп өлімді көргесін жүрегі қарайып кеткен ғой, қарғыс атқыр Алжир, күні кешеге дейін егістік жерін жыртқанда соқаға ілесіп адам сүйегі шығып жататын-ды. Талай арудың қаны төгілген жерде аяғыңды аңдап бассан да аруақтар: “Адамдар біз жазықсызбыз!” деп үн қататындай еді. Алжирде (Акмолинский лагерь жен изменников родины) “көрінде өкіргір Сталин және оның сойылын соғушы қалың қорқау қасқырлар жазықсыздардың ажалына жетті”, деп күңкілдейді. Көз көргендер сұлулардың түрмесі, лагерьі дер еді. Ажар-көркі бірінен-бірі асқан қара көз келіншектердің қос бұрымдары өкшесін қағып жүретін, сол бұрымнан жендеттер талай сүйреп қасқыр иттерге де талатты. Қиғаш қас, оймақ ауыз, күлім көз, бидай өнді, таразы денесі талай еркекті есінен тандырып еріксіз ғашық ететін еді. Соларды лагерь қатігездігі, шектен тыс қорлығы да жеңе алмайтын-ды. Неткен қайсарлыққа толы махаббат шыңы, адамдыққа, шындыққа толы нұрлы жолы дерсіз. Қайталанбайтын адамдық ұлы қасиеттерді қара жерге бірге әкетті. Пасық кеуде, сасық кеуде, түкке алғысыз жасық кеуде, қатігез дене, қара жүрек, қанқұйлы жауыздар сол сұлулыққа ғашық болып өзінің ойындағысын орындап қорлайтын кез еді. Етегін ерінен басқа жел

көтермеген адалдықты аяққа басуды кім кешіреді. Түрме милициясы Дүрен күніне төрт-бес сұлуды құшқанына мәз-тін. Бірақ, солардың бірде-бірінің төсекте елжірегенін көрмеді, еріндері де мұз сықылды, жан жылуы жоқ, әйелге тән құштар, құмарлықтарын сезбеді. Өлі дене, қан-сөлсіз жансыздық, үрейге толы күрсініс, тірлігіне лағынет айтқан сезім. Дүренді көрсе, аза бойы қаза боп қан жылағандай сорлы сұлулардың аянышты бейнесін миынан өшіре алмай, адамға тіке қарауды ұмытқанын әйелі Науша сезетін де болуы. Абысындарының бірі өзілдеп: “Дүрен деген қара бет, О да қызға құмар ма ед, жендет ойлы жексұрын, маңайымнан аулақ кет!” деп біреулер өлең шығарыпты дейтін. Бірақ, оны сен сүйтіпсің, опасыз неме, — деп күйеуіне айта алмайды. Қайтеді, жан тәтті. Қайткенде де жалғыз ұлы Ақпарды өсірудегі аналық борышынан асып, бұлқына алмады. Еріксіздік, күллі жамандық есіктен кіріп, төрге шыққан қатаң кез “Жалаңашкөл” топырағын күңіrentіп, сұлулардың өксікті үні жыр болып ғасырларға аманаттай жасырын тамыр тартып жатқанды. Ақындарша толғап: “Түн болған бізге дейін, күндіз болған, Күн болған, аспан болған, жұлдыз болған. Аңдап бас аяғынды, табан астың о баста қара көзді бір қыз болған”, дейтіні тың түрені өңірді қопарған кезде талай диқанның жүрегін шымырлатып, көзіне жас үйіріп, төбе шашын тік тұрғызған-ды. Қанша жылдар өтсе де диқан түреніне адам сүйегі ілініп: “Адамдар-ай, бір-бірінді түсіне біл, қаскөй ойдан сақтасын. Тар заманның жендеттік пиғылын әшкерелеп, тыныштық, бақытты кезді қорғай біліңдер” деп аруақтар үн қататындай сезінеді. Көруге көз тояттатып қимайтын сұлуларды, өлімге қалай қиды екен деп, күс қолды, адамдарға нан ұсынып, бақыт сыйлайтын диқандар күбірлейді.

Осы өңірдегі И.Шарф басқаратын шаруашылық тың игеру жылдарынан бері әр гектар егістіктен отыз центнерден кем өнім алып көрген жоқ. Шарф сөз арасында: “Біз көрмеген бақытқа, біз тойынбаған нанға ұрпақ тойынсын! деп сұлулардың аруағы жебейтін шығар”, — деп биік тұғырға орнатылған қаралы заманның, Сталиндік зұлматтың құрбандарына арналған ескерткішке өкіне көз тастайды. Бақсақ, өзі де “Халық жауының” баласы екен. Әкесі ел басқарып социализм жарылқайды, деп күн, түн қатып адал еңбек етіп жүргенде: “Сен неміссің, шет елдің шпионы көрінесің!” — деп атып тастаған көрінеді. Анасы шиеттей балаларын боздатып Украин жерінен Қазақстанның лагеріне келген... Иванның да жастығы азап лагерінде қалған-ды.

* * *

Иә, ол кезде НКВД-ның Дүрен тәрізді дүлейлері өзінің мансабы, шыбын жаны үшін әйелін, балаларын да аяр ма? Сөйтіп, Дүренұлы